



ХҒТАР 11.15.82
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887/2026-154-1-209-219>

Конфуций институттарының сын-қатерге ұшырауы және оның трансформациясы

Е.А. Керимбаев^{ID}

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: kerimbay.erzhan@gmail.com)

Аңдатпа. Мақалада әлем бойынша ашылған Конфуций институттарының сынға ұшырай бастауы мен оның трансформациясы қарастырылған. Зерттеуде Конфуций институттарының сын-қатерге ұшырауының негізгі себептерімен қатар, бұл келеңсіз жағдайдан шығу үшін Қытай үкіметінің қолданып жатқан амалдары сараланған. Автор әлем елдерінің Конфуций институттарына қатысты ұстанған саясатына шолу жасай отырып, мәселенің негізгі себептері мен салдарын анықтауға тырысады. Осыған байланысты Қытай үкіметінің бүгінгі таңда ұстанып отырған «жұмсақ күш» саясатының трансформациясына сараптама жасалады. Мақалада ҚХР-дың Орта Азия елдеріндегі саясаты мен оның беріп отырған нәтижесі де сараланған және бірқатар ұсыныстар берілген.

Зерттеу барысында Конфуций институттарының академиялық еркіндік пен ұлттық қауіпсіздік тұрғысынан тудырған күмәндары егжей-тегжейлі талданып, олардың бренд ретінде реформалану үдерісіне баға беріледі. Автор Қытайдың гуманитарлық дипломатиясының жаңа кезеңіндегі институционалдық өзгерістерді, соның ішінде басқару жүйесінің мемлекеттік емес құрылымдарға ауысу тетіктерін ашып көрсетеді. Әсіресе, Орта Азия өңіріндегі мәдени-білім беру жобаларының геосаяси астары мен жергілікті қоғамдық пікірге тигізер әсері сараланып, аймақтық ерекшеліктерге негізделген ғылыми тұжырымдар жасалады. Ғылыми мақала халықаралық қатынастар мен қытайтану саласының мамандары үшін ақпараттық-сараптамалық құндылыққа ие.

Түйін сөздер: сыртқы тілдік саясат, Конфуций институттары, «жұмсақ күш» саясаты, Лу Бань шеберханасы.

Кіріспе

«Конфуций институттары» мен «Конфуций сыныптары» –Қытайдың шетелдік оқу орындарының базасында құрылған мемлекеттік қытай тілі мен мәдениетін оқытатын орталықтар. Қытайдың бүкіл әлем мойындаған ұлы гуманист ойшылы Конфуцийдің

есімімен аталған институттың басты міндеті – дүниежүзіне қытай тілі мен дәстүрлі мәдениетін тарату. Конфуций институттарының дүниежүзінде құрылу үдерісі, әсіресе, Орталық Азия мемлекеттерінде ашылуы мен даму барысы және оның қызметінің кеңеюі мен ықпалының тереңдеуін зерттеу өте маңызды. Өйткені Қытайдың мемлекеттік жобасы ретінде мемлекеттік қаржылық және техникалық қолдаумен құрылып жатқан институттар мен ашылып жатқан сыныптардың қытай тілін оқыту арқылы жасаған мәдени ықпалы жергілікті халыққа қытайлық саяси құндылықтарды сіңіруде. Бұл – елдердің болашақ даму бағытына ықпал жасайтын мәселе.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Шетелде Конфуций институттары мен Конфуций сыныптарының құрылуы – Қытайдың өрлеуі және әлемге қадам басуына байланысты өмірге келген құбылыс. Қытайдың 2001 жылы Дүниежүзі сауда ұйымына кіруі, оның халықаралық сауда-экономика жүйесіндегі және саяси-дипломатиялық қатынастардағы позициясын нығайта түсті. Сонымен қатар Қытай әлемге өздерінің тұжырымдамасын немесе жаңа тәртібін қабылдату үшін, экономикалық қаржылық ықпал етумен қатар, «жұмсақ күш» немесе қытай тілі мен мәдениетімен де ықпал жасау саясатын қолданды.

1987 жылы ҚХР үкіметі қытай тілі мен мәдениетін әлемге таратуды ұйымдастыратын мемлекеттік Кеңсе (қытай тілінде қысқартып «Ханьбань – Hanban») құрды. Бұл ҚХР Білім министрлігіне қарайтын құзырлы мекеме Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп жұмыс жүргізетін еді. «Ханьбань»-ның құрамында 19 басқарма жұмыс жүргізеді [1]. «Ханьбань» өзінің жүйелі де өнімді жұмыс жүргізетін ережелері мен механизмін жасады. Осылайша «Ханьбан» штаб пәтері Бейжің қаласында орналасқан, жоғары статусы мен корпоративтік құрылымы кемелді, табыс таппайтын мемлекеттік мекеме ретінде дүниеге келді. Мұның өзі бұл құрылымның Қытайда аса маңызды мемлекеттік мекеме екендігін көрсетеді.

2002 жылдан бастап ҚХР-дың Білім министрлігіне қарайтын «Ханьбань» Сыртқы істер министрлігінің қолдауымен әлемнің әр елінде Конфуций институттарын құру жұмысын қолға алды. 2004 жылы ҚКП ОК XVI съезінің 4-ші пленумында ҚХР Білім министрлігі мен «Ханьбань» дайындаған «Жоба» қабылданып, шет елдерде қытай тілі мен мәдениетін насихаттау міндеті анықталды. Сонымен «Ханьбань» Конфуций институттарын құруды 2004 жылдан бастады. Бұл «Жобаны» алдымен КСРО-ның құрамынан шыққан, жаңа тәуелсіздік алған Орталық Азия мемлекеттері мен Шығыс Еуропа мемлекеттерінен бастауды жөн санады. Нәтижесінде 2004 жылдың жазында Ташкентте алғашқы тәжірибелік «Конфуций институты» құрылды. Алайда көп ұзамай бұл саясаттың бүкіл әлем елдеріне бет алғанын байқауға болады. Сол жылдың аяғында алғашқы «Конфуций институты» Оңтүстік Кореяның астанасы Сеул қаласында да ресми түрде құрылды. 2017 жылдың соңына дейін әлемнің 146 мемлекетінде 525 Конфуций институты мен 1113 Конфуций сыныптары ашылған болатын.

Дегенмен 2018 жылдың 29 қыркүйегінде өткен «Ашық есік күнінде» Конфуций институтының «Ханьбань» жариялаған мәліметі бойынша, бұл сандардың тағы да өскенін көреміз. Жиында әлемнің 149 елінде 530 Конфуций институттары мен 1113 Конфуций сыныптары белсенді түрде қытай тілі мен мәдениетін оқытумен шұғылдананып жатқаны айтылды. Ол жерде 46,2 мың қытайлық және шетелдік оқытушылар сабақ

береді. Ал қытай тілін оқып жүргендердің жалпы саны – 9 млн-нан асады екен [1]. Мақалада статистикалық деректерді өңдеу және сипаттамалы, салыстырмалы зерттеу әдіс-тәсілдері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылаулар

Конфуций институттары дүниежүзіндегі елдердің қытай тілін оқуын қамтамасыз ету үшін 170 мемлекетте 30 млн оқулық таратқан. 2004-2014 жылдар аралығында қытай тілін оқытындардың саны АҚШ-та – 15 есеге, Германияда – 10 есеге өскен. Бүгінгі күні әлемнің 48 елі қытай тілін оқытуды өздерінің ұлттық оқу-ағарту саласына енгізген. Оның ішінде АҚШ, Ресей, Ұлыбритания, Франция, Жапония, Оңтүстік Корея сынды оқу-ағарту жүйесі дамыған мемлекеттер де бар. Конфуций институттары қай мемлекетте болмасын, олардың іске асыратын мақсаты мен атқаратын міндеттері ұқсас. Олардың басты мақсаты – Қытайды әлем елдеріне жақсы жағынан таныстыруға, Қытаймен өзара қарым-қатынастарды дамытуға, Қытай мәдениеті мен құндылықтарын қабылдатуға қызмет ету. Сондықтан Конфуций институттары қытай тілі мен мәдениетін оқытумен қатар, Қытай жөнінде түрлі ғылыми конференциялар мен семинарлар өткізеді, қытай тілі мен мәдениеті бойынша түрлі жарыстар, мерекелік іс-шаралар ұйымдастырады, қытай тілінің деңгейін анықтайтын HSK біліктілік емтиханын өткізеді, қытай тілі бойынша түрлі оқулықтар мен оқу құралдарын шығаруды ұйымдастырады және қаржыландырады, Қытайда өтетін білім алушылар мен қытай тілі оқытушыларына арналған түрлі тағылымдамалар ұйымдастырады және Қытайға барып оқуға ақыл-кеңестер береді.

Конфуций институттарының білім беру жұмысы Қытайдың сыртқы саясатын атқарумен тығыз байланыстырылған. Қытай мен Конфуций институттары орналасқан елдер арасындағы білім беру және мәдени алмасу саласындағы ынтымақтастық қатынастарды қалыптастыру мен дамытуға, тіпті, екі ел кәсіпорындары арасында байланыстарға дәнекер болу миссиясын да қоса атқарып келеді. Олар мәдени дипломатияны өрістету арқылы қытайлық мәдени позицияны нығайтуға қызмет етіп келеді. Сондықтан Қытай үкіметі Конфуций институттары мен сыныптарын барынша көп ашуға тырысуда. Атап айтқанда, бұл үрдістің әлемдік аренадағы ықпалы күшейе түсті. Бірақ бұл жағдай әлемдегі әр елдің күдік-күмәнін тудыра бастады. Өйткені мемлекеттік ресурстар арқылы Қытай құндылықтарын тықпалау әр елдің өз ұлттық құндылықтарына қарама-қарсы келеді, әсіресе, батыстық құндылықтарға кереғар болды. Дегенмен Қытай өкіметі «жұмсақ күш» саясатын өнімді түрде іске асыру үшін, Конфуций институттарын әр елдің ең ірі және беделді жоғарғы оқу орындарында құрып өз бағдарламасы бойынша жұмыс жүргізіп келеді. Сондай-ақ жастарды Қытайға баурау мақсатында шетелдіктердің Қытайдың жоғарғы оқу орындарында тегін оқуына бөлінетін гранттар санын арттыруда. Қытай тілі деңгейін анықтайтын HSK емтиханынан өткен және халықаралық «Қытай тілі көпірі» сайысының жеңімпазы болғандар, Қытайға барып бір жылдан үш жылға дейін тегін оқып келеді. Ал Қытай тілін оқытып жүрген оқушыларға арнап қор құрылды. Аталмыш қор Қытай тілі оқытушыларына материалдық тұрғыда ұдайы қолдау көрсетіп отырады.

Конфуций институттарының әлем бойынша көбеюі мен қызметінің барынша кеңеюі түрлі елдер тарапынан кереғар көзқарастар сипатында өрбіді. Мәселен, Канаданың

ақпараттық агенттігінің журналисті Джим Браунский 2007 жылдың 28 мамырында жазған материалында Конфуций институттары Қытай үкіметінің тапсырмасымен жұмыс жасайтын «ми шаятын механизм» деп бағалады. «Globeand Mail» газетінде шыққан мақалада авторлар Канаданың университеттері мен колледждерін Конфуций институттарымен бірлесіп жұмыс жасаудан аулағырақ болуға шақырды. Сондай-ақ олар Конфуций институттары либералды оқу-ағарту жүйесімен жанаспайтын Қытай саясатының элементтерін насихаттаумен айналысады делінген. Канадалық зерттеушілер Конфуций институттары шетелдік оқу орындарында бағытты түрде Қытай компартиясының көзқарастарын насихаттаумен айналысып отыр деп айыптады [2].

Сол жылы Канаданың қауіпсіздік және барлау қызметі өзінің тексеріс зерттеулерін жариялаған болатын. Онда Конфуций институттары Қытайдың мемлекеттік саясатын жүргізу үшін «жұмсақ күш» қолданып отырған мекеме деп айыпталды. Канаданың Брей-Брит еврей ұйымының өкілі Дэйвит Мэйтас, бұл институттар желісінің кейбір мекемелері Қытай үкіметінің барлау резентурасының қызметін атқарып отыр деп мәлімдеді. Бұл туралы журналист Фабрицио де Пирребург өзінің «Осы және өзге де тыңшылар» деген кітабында «Конфуций институттарында Қытайдың барлау қызметінің жұмыс жасайды» деп жазды [3].

Жапонияның Осака Саньо университетінің бұрынғы басшыларының біреуі Шигесато Тошиюки Конфуций институттарын «гуманитарлық тыңшылық жасайтын барлау агенттігі» деп ресми түрде ашық айтқаннан кейін, ол университет ашылғанына бір жыл ғана болған Конфуций институтын жауып тастады.

2013 жылы АҚШ-та J-1 визасын заңсыз қолданған деген айыппен Конфуций институттарын жабуға кірісті. Іс жүзінде аталмыш институттарды жабудың негізгі себебі жоғарыда айтылған мәселелерден туындауы әбден мүмкін.

Әлеуметтанушы Стивен Мошер Америка Парламентінің сыртқы істер комитетіне «Конфуций институттары: қытайлық троян аттары» деп аталатын баяндамасында, Конфуций институттары Қытай мәдениеті мен тілін оқытудан гөрі ҚХР саяси мүдделері мен мемлекеттік саясатын алға жылжытумен айналысады деген айыптауларды алға тартқан. С. Мошер өз баяндамасында «Конфуций институттарының оқу орындарының академиялық еркіндігіне нұқсан келтіргені, өндірістік және әскери тыңшылықпен айналысқаны, шетелдегі қытайлық студенттерді аңдығаны, Далай Ламаға, Тибетке және Тайваньға қатысты, шетелдегі демократиялық қозғалыстарға және Қытайдың өз ішіндегі диссиденттерге қатысты Қытай компартиясының ұстанымын насихаттағаны туралы көптеген дәлелдер бар» деп келтірген [3].

Телеграф агенттігінің хабарлауынша, 2014 жылы Американың университет профессорлары ассоциациясы (АУПА) елдің 100 университеті мен Конфуций институттарын қаржыландырып отырған Қытай үкіметімен арадағы ынтымақтастықты тоқтатуға немесе қайта қарастыруға шақырды. Бұл ұйым Конфуций институттары желісін академиялық еркіндіктің негізгі принциптерін жоққа шығарып, өз білгендерін істеп отыр деп айыптады. Ассоциация ресми мәлімдемесінде «Конфуций институттары Қытай үкіметінің қолындағы құрал, олар академиялық еркіндік идеяларын көзге ілмей отыр, ал Үкімет оларға осындай мүмкіндік беріп отыр» делінген. Конфуций институттарының қызметін сынға алған профессорлар, «бұл мекеме тілдік және мәдени бағдарламалар арқылы бүкіл әлемде ҚКП-ның жағымды бейнесін қалыптастыру

үшін құрылған және ол жерде Тибетті окупациялау сияқты тақырыптарға еркін пікір алмасуды шектеп отыр» дейді [4]. Осындай айыптаулардан кейін Чикаго университеті, Мельбурн университеті сияқты оқу орындары Конфуций институттарымен жасаған келісімшарттарын тоқтатты немесе серіктестіктен мүлдем бас тартқан болатын.

2014 жылы Швецияның Стокгольм университетінің оқытушы-профессорлар құрамы Қытай елшілігі Конфуций институты арқылы саяси бақылау жасап академиялық еркіндікке нұқсан келтіріп отыр деген айыппен, бұл институтты университеттен бөліп тастауды талап етті. Стокгольм университеті жанындағы Конфуций институтының жабылуы қоғамда қызу талқыға түсті. Ол кезде де институттар желісін Қытай үкіметі өз мүддесі үшін пайдаланып отырған «ми шаятын құрал» деген сөздер айтылды. Стокгольм университетіндегі Конфуций институты 2005 жылы Еуропада ең алғашқы ашылған еді. Оның жабылуы әлемдік қауымдастықтың назарын Конфуций институттарының атқарып отырған қызметіне қайта аударды. Осындай айыппен 2012 жылы Австралияның «жасылдар» партиясының мүшесі Джейми Паркер жергілікті мектептердегі Конфуций сыныптарын жабуға шақырған петициясына 10 мың адам қол қойған екен [5].

Францияның қорғаныс ведомствасы жанындағы әскери институт «Қытайдың өз ықпалын күшейту үшін жасап жатқан әрекеттері» деген баяндамасын жарыққа шығарды. Ол жерде Қытай үкіметі «Біріккен майдан» (Единый фронт) тактикасын қолданып отырғанын және өз идеологиясын Конфуций институттары арқылы алға жылжытып отырғаны айтылады [6]. «Біріккен майдан» - ҚКП басқаратын немесе соның ықпалындағы бір-бірімен байланысты топтар мен ықпалды адамдардың желісін қамтитын ҚКП-ның саяси стратегиясы. Оларды ҚКП өз мүдделерін ілгерілету үшін пайдаланады. Осыған ұқсас жағдайлар Ресей университеттерінде де орын алды. Атап айтқанда, 2010 жылы «Қытай идеологиясын айтқаны» үшін деген айыппен Якутскідегі Конфуций институты жабылды. 2013 жылы «мемлекет саясатының мәдени және оқу-ағарту кеңістігінің тұтастығы принциптеріне, еңбек заңнамасы талаптарына қайшы келеді және мемлекеттік жоғарғы кәсіби білім беру мекемесінің статусына нұқсан келтіреді» деген айыппен Новосибирск қаласындағы екі университет жанынан ашылған Конфуций институттарының жұмысы уақытша тоқтатылды. Осындай күдікпен Благовещенск педагогикалық университетінің жанынан ашылған Конфуций институтында, 2015 жылы Амур облысының прокуратурасы тексеру жүргізді.

ҚХР үкіметінің осы шешімінен кейін көп өтпей-ақ, 2020 жылдың тамыз айында АҚШ үкіметі өз территориясындағы Конфуций институттарын ресми түрде «ҚХР-дың шетелдегі миссиясы» деп жариялады. Бұл туралы АҚШ-тың мемлекеттік хатшысы Майкл Помпеоның 13 тамызда жасаған жазбаша мәлімдемесінде айтылды. Ол жерде «Конфуций институттарын ҚХР үкіметі қаржыландырады және ол Қытай коммунистік партиясының идеологиясы әлемге үгіт-насихат жүргізетін аппаратының құрамдас бөлігі» деп атап көрсетті [7]. Содан кейін АҚШ үкіметі қазірге дейін елінде жұмыс істеп жатқан «Конфуций институттарын» жыл соңына дейін жабуға шешім шығарды.

Әлемдік тәжірибеде туған түрлі сыни пікір-көзқарастарды Қытай үкіметі шетке ысырып қоя салған жоқ, ескерді. Бұл мәселені шешу үшін ыждағаттылық танытты. Алдымен, Қытайда Конфуций институттарының даму траекториясы мен стратегиялық жоспарлауымен айналысатын ғылыми-зерттеу орталықтары құрылды. Осылайша 2018 жылы Шаньдун университеті жанынан Конфуций институттарының ғылыми-зерттеу орталығы ашылды. Орталықтың ашылуында Конфуций институттары штаб-

пәтерінің бас директорының орынбасары, Ханьбаньның партия хатшысы Ма Цзяньфэй «Конфуций институттары жаңадан құрылудың, өзгерістерге өту кезеңінің алдында тұр» деп атап өтті [8]. Артынша тура осындай орталық Чжэцзян педагогикалық университеті жанынан да құрылды.

Конфуций институттарының жұмысын жаңа арнаға бұру үшін мынандай бағыттарға назар аударылды:

Біріншіден, Конфуций институттарының жұмысын бағалау жүйесін құру, оқытуды ұйымдастыру моделін жаңалау, «Қытай тілі +» стратегиясын жүзеге асыру (қытай тілімен қоса мамандық оқыту стратегиясы), Конфуций институттарын басқару жүйесін кешенді реформалау.

Екіншіден, оқуды ұйымдастыру сапасын арттыру, оқудың мазмұнын дамыту, педагогикалық кадрлардың ауқымын кеңейту, оның ішінде жергілікті оқытушыларды дайындау мен оларды институттың жұмысына белсенді тарту жұмысын күшейту, Конфуций институттарының аймақтық өзара ынтымақтастығын арттыру, тәжірибе алмасу және ресурстарды ортақ пайдалану мақсатында Конфуций институттарының мемлекетаралық, аймақаралық қарым-қатынасының механизмін жасау. Институттардың өз ішіндегі ынтымақтастықты арттырумен қатар, жергілікті университеттермен арадағы ынтымақтастықты арттыру, жақын қалалар арасындағы мәдени туризмді жолға қою, қытайлық және шетелдік компаниялармен арадағы ынтымақтастықты дамыту, Конфуций институттарының жұмысына қоғамның барлық қабатындағы адамдарды тарту, Конфуций институттарын қаржыландыратын қорларды алуан түрлі және көп жақты қылу тапсырылды.

Жоғарыда айтып кеткен Конфуций институттарының даму стратегиясын түзумен айналысатын орталықтарға институттардың даму бағытын мұқият қадағалап отырып, кездескен мәселелерді барынша тез және тиімді шешіп отыру тапсырылды. Екіншіден, ақпарат пен ресурстарды бірлесіп қолдану механизмдері жасалды. Үшіншіден, Конфуций институттарының «ақыл орталықтарының» (мозговой центр) альянсын кезең-кезеңімен қалыптастыру және кеңейту үшін ынтымақтастық механизмі құрылады.

Уақыт көрсеткендей, Ханбань басшылығының идеясымен құрылған Конфуций институттарын стратегиялық жоспарлау және дамыту мәселелерімен айналысатын сараптамалық орталықтардың жұмысының нәтижелері 2020 жылдың шілдесінде Конфуций институттарының басқару жүйесін қайта құрудың негізі болды.

Қайта құру нәтижесінде «Қытай тілін шет елдерге тарату кеңсесі» (Ханьбань) мен қытайлық сарапшылар біртұтас құрылым ретінде қарастыратын «Конфуций институттары штаб-пәтерінің» орнына «Тілдерді оқыту және ынтымақтастық орталығы» (中外语言交流合作中心 / Zhongwai yuyan jiaoliu hezuo zhongxin / Center for Language Education and Cooperation (CLEC)) және «Қытайдың халықаралық білім қоры» (中国国际中文教育基金会 / Zhongguo guoji zhongwen jiaoyu jijinhui / Chinese International Education Foundation) [8] деген атаумен жаңа мекемелер құрылды.

2022 жылдың жазына қарай ақпарат құралдары АҚШ-тың Ұлттық ғалымдар ассоциациясының есебінде берілген мәліметке сілтеме жасап, АҚШ-тағы 118 Конфуций институтының 104 жабылғаны туралы ақпарат таратты [9]. Алайда оның ішінде кемінде 28-і өз атаулары мен бағдарламаларын өзгертіп, жұмысын жалғастыруда. Ал кемінде 58-і өздерінің бұрынғы серіктестерімен арадағы байланысты түбегейлі үзбей,

сақтап қалды. Бұл Конфуций институттарының қайта құрылуы өз нәтижесін көрсетіп жатқандығының дәлелі.

2013 жылы Қытай төрағасы Си Цзиньпин «Бір белдеу – бір жол» жобасын ұсынды. «Бір белдеу – бір жол» (一帶一路 – Yi dai yi lu) – Қытай Халық Республикасының (ҚХР) «Жібек жолының экономикалық белдеуін ортақ құру» және «XXI ғасыр теңіз Жібек жолын» ортақ құру жобаларының біріктірген атауы. Бұл бастаманың мәні Қытайдың қатысуымен екі жақты және көп жақты тетіктер мен өзара іс-қимыл құрылымдарын жандандыру арқылы халықаралық ынтымақтастық пен дамудың жаңа моделін іздестіру, қалыптастыру және ілгерілету. Ежелгі Жібек жолы рухын жалғастыру және дамыту негізінде қамтылған аймақта экономикалық әріптестіктің жаңа тетіктерін жасауға, тартылған елдердің экономикалық өркендеуін ынталандыруға, әртүрлі өркениеттер арасындағы мәдени алмасулар мен байланыстарды нығайтуға, сондай-ақ бейбітшілік пен тұрақты дамуға жәрдемдесуге шақырады.

«Бір белдеу – бір жол» жобасы аясында «Лу Бань шеберханасы» (鲁班工坊 / Luban Workshop) құрылды. «Лу Бань шеберханасы» кәсіптік білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастық жобасы. Бұл жобаны Қытай Халық Республикасы Білім министрлігінің қолдауымен 2016 жылдан бері Тяньцзинь қалалық білім беру комиссиясы құрып, жүзеге асырып келеді. Шеберханаларды құрудың мақсаты – шетелдік жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық аясында академиялық білім беру және жергілікті кадрларды (оқытушылар, студенттер) кәсіби даярлау.

Қытайдың бұл жобасын Конфуций институттарының баламасы деуге болады. Бұған дейін де мамандандырылған Конфуций институттары болған. Мысалы, британдық бизнесмендер мен сарапшыларды арнайы оқыту үшін құрылған Лондон Конфуций институты – әлемдегі ең алғашқы Қытай медицинасын негізгі оқу бағдарламасы ретінде қабылдаған мамандандырылған Конфуций институты.

2014 жылы Беларусь Ұлттық ғылыми-техникалық университеті жанынан құрылған Конфуций институтында арнайы ғылым мен техника бойынша білім береді.

Тәжікстан тау-металлургия институты жанынан ашылған Конфуций институты тау-кен өндірісі мен мұнай саласындағы мамандарды дайындаумен айналысады.

«Лу Бань шеберханалары» құрылған соң жергілікті кадрларды (оқытушылар, студенттер) кәсіби даярлаудың ауқымы кеңейіп, үлкен қарқын алды. Тяньцзинь білім комитеті ұсынған семинарлар «Бір белдеу – бір жол» бастамасы аясында ең алғаш Таиланд, Үндістан, Индонезия, Пәкістан, Ұлыбритания, Португалия, Камбоджа және Джибути сияқты 8 елде ұйымдастырылды. Бүгінгі күні әлемнің 19 елінде «Лу Бань шеберханасы» ашылып, өз жұмысын жүргізіп келеді. Олар жергілікті білім алушыларды негізінен өндірісті автоматизациялау, энергетика, құрылыс, транспорт, байланыс, IT-технология, машина жасау сияқты салаларда оқытып дайындауда. Қытай мұндай оқыту орындарын Орта Азия елдерінде де ашуды бастап кетті. Ең алғаш 2021 жылдың мамыр айында ҚХР Сыртқы істер министрі Ван И Орталық Азиядағы әріптестерін қабылдау кезінде, Қытай осы елдерде жоғары технологиялық оқытуды ұсынатын бес «Лу Бань шеберханасын» ашатындарын айтты.

Орта Азия елдеріндегі ең алғашқы «Лу Бань шеберханасы» 2022 жылғы 29 қарашада Тәжікстанда, Душанбе қаласындағы академик Осими атындағы Тәжік техникалық университетінде ашылды [10].

2022 жылдың 29 шілдесінде Өзбекстанда Ташкент мемлекеттік транспорт университеті мен Тяньцзин теңіз кәсіби колледжі арасында «Лу Бань шеберханасын» ашу туралы меморандумға қол қойылды [11].

2023 жылдың мамыр айында ҚХР Сиань қаласында өткен «Орталық Азия – Қытай» саммитінде Орта Азия елдерінде «Лу Бань шеберханаларын» ашу туралы ресми құжаттарға қол қойылды. Артынша Қазақстан, Түркіменстан, Қырғыз Республикасының оқу орындары мен Қытай арасында мұндай шеберханаларды ашу туралы келісімшарттар жасалды.

Қазақстанда осындай оқу орнын ашу туралы келісім Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан техникалық университеті мен Тяньцзинь кәсіби институты арасында жасалды [12].

Қытайдың Конфуций институттары мен сыныптарының өмірге келуі және оның әлемдегі әрбір елге кең көлемде таралуы – Қытайдың жаһандануға ұстанған стратегиялық саясатының нақты көрінісі болып отыр. ҚХР билігі ұлы гуманист Конфуцийдің есімі мен ілімін ала тарта отырып, бейбіт өрлеу, бейбіт өмір сүру деген әдемі сөздерді дәріптей отырып, мемлекеттік қаржылық және технологиялық ресурстарды аямай жұмсай отырып, Конфуций институттары мен сыныптарының санын көбейтті, қызметін кеңейтті.

Мемлекеттің жан-жақты қолдауына сүйене отырып, Конфуций институттары әлемге Конфуцийдің гуманизмдік ілімдерін таратумен қоса ҚХР дипломатиясының миссиясын атқаруға, әсіресе, қазіргі заманғы қытайлық құндылықтарды уағыздауға тырысып келеді. Сөйтіп ол Қытайдың шетелдердегі мәдени базасына айналды. Сондықтан болар, Конфуций институттары Қытай басшыларының, ресми тұлғалардың, мәдени адамдардың, тіпті кәсіпкерлердің де көп бас сұғатын, түрлі іс-шаралар өткізетін нүктесіне айналып отыр және өзге елдерге үлгі саналады.

Қорытынды

Конфуций институттары ҚХР сыртқы саясатындағы «жұмсақ күш» құралы ретінде, бүкіл әлемде қытай тілін тарату арқылы қытайлық мәдени ықпалды арттырып отырғанына Қытай үкіметі сүйсіне қарайды. Бұл бағытта әлем елдері тарапынан әр кезеңде қиындықтар туса да, Қытай Үкіметі барынша құлақ асып, сын-қатерлерді шешуге тырысып келеді.

«Лу Бань шеберханаларының» ашылуы – «Бір белдеу – бір жол» бастамасының сапалы жаңа кезеңге көтерілгенінің айқын көрінісі. Бұл жоба Қытай мен серіктес елдер арасындағы технологиялық және кадрлық әлеуетті біріктіруге бағытталған маңызды қадам. Халықаралық нарыққа шыққан қытайлық ірі компаниялар жобаларды табысты іске асыру үшін жергілікті білікті мамандарды даярлаудың стратегиялық мәнін терең түсініп отыр. Осы орайда Пекин техникалық білім беру саласындағы халықаралық ынтымақтастықты қолдап, озық технологиялары мен өндірістік тәжірибесін шетелдік әріптестерімен бөлісуге ерекше емпін бере бастады. Бұл бастама – тек инфрақұрылымдық даму ғана емес, сонымен қатар интеллектуалдық капиталды қалыптастыру саясатының құрамдас бөлігі. Орта Азия елдері үшін бұл жоба заманауи индустрияландыру жолындағы таптырмас мүмкіндік. Жергілікті мамандардың біліктілігін әлемдік стандарттарға сәйкестендіру – аймақтың технологиялық ілгерілеуіне серпін береді. Ал Қытай

тарапының оқу орындарын заманауи құралдармен жабдықтап, инвестиция бөлуі – екі тараптың да мүддесіне сай келетін, өзара тиімді әрі ұзақ мерзімді серіктестіктің берік іргетасы.

Әдебиеттер тізімі

1. Председатель КНР Си Цзиньпин (2014) провел беседу с немецкими синологами и представителями преподавательского совета и слушателей Института Конфуция, Институт Конфуция, 24, с. 5.
2. Изимов, Р. «Мягкая сила» Китая - на прицеле Центральная Азия. Доступно по ссылке: <https://radiotochka.kz/1581-.html> (Дата обращения: 03.05.2025).
3. Восточная хитрость против русской простоты. Доступно по ссылке: 03.05.2025).
4. Smyth, J. (2014) Australia Unveils trade deal with China, Financial Times, С. 65.
5. Ван, И. Институт Конфуция и три шага публичной дипломатии. Доступно по ссылке: http://news.china.com.cn/world/2014-09/15/content_33514652_2.htm. (Дата обращения: 03.05.2025).
6. Институты Конфуция вновь откроются в США под новым названием. Доступно по ссылке: <https://www.mk.kg/politics/2022/07/03/instituty-konfuciya-vnov-otkroyutsya-v-ssha-pod-novym-nazvaniem.html> (Дата обращения: 03.05.2025).
7. 530 Институтов Конфуция созданы в 149 странах мира. Доступно по ссылке: 03.05.2025).
8. Zlang, Qingli (2020). Kongzi xueyuan jinru neihan fazhan jieduan, Zhongguo shehui kexuewang - Zhongguo shehui kexuebao. Available via the link: http://news.cssn.cn/zx/bwyc/201811/t20181119_4777643.shtml (Accessed: 03.05.2025).
9. Институты Конфуция вновь откроются в США под новым названием. Доступно по ссылке: <https://www.mk.kg/politics/2022/07/03/instituty-konfuciya-vnov-otkroyutsya-v-ssha-pod-novym-nazvaniem.html> (Дата обращения: 03.05.2025).
10. В Душанбе открылась мастерская имени китайского философа Лу Баня. Доступно по ссылке: <https://www.asiaplustj.info/ru/news/tajikistan/society/20221129/v-dushanbe-otkrilas-masterskaya-kitaiskogo-filosofa-lu-banya> (Дата обращения: 03.05.2025).
11. В Ташкенте появится первая Лубанская мастерская. Доступно по ссылке: <https://podrobno.uz/cat/uzbekistan-i-kitay-klyuchi-ot-budushchego/v-tashkente-poyavitsya-pervaya-lubanskaya-masterskaya-zdes-budut-obuchat-vostrebovannym-professiyam/> (Дата обращения: 03.05.2025).
12. В ВКТУ откроется «Мастерская имени Лу бань». Доступно по ссылке: <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/556917?lang=ru> (Дата обращения: 03.05.2025).

Е.А. Керимбаев

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан
(E-mail: kerimbay.erzhan@gmail.com)*

Критическое состояние и трансформация Институтов Конфуция по всему миру

Аннотация. В статье рассматривается критика и обвинения в адрес институтов Конфуция по всему миру и ее трансформация. Помимо основных причин, по которым институты Конфуция находятся под угрозой, в исследовании рассматриваются меры, принятые китайским правительством для выхода из этой сложной ситуации. Автор попытался выявить основные причины и последствия проблемы, рассмотрев политику различных государств в отношении институтов Конфуция. В связи с этим проведен анализ трансформации политики «мягкой силы» китайского правительства сегодня. В статье анализируется политика КНР в странах Центральной Азии и ее результаты, а также дается ряд рекомендаций.

В ходе исследования подробно анализируются сомнения, возникшие в отношении институтов Конфуция с точки зрения академической свободы и национальной безопасности, а также дается оценка процесса их реформирования как бренда. Автор раскрывает институциональные изменения на новом этапе гуманитарной дипломатии Китая, включая механизмы перехода системы управления к негосударственным структурам. Особое внимание уделяется анализу геополитического подтекста культурно-образовательных проектов в регионе Центральной Азии и их влиянию на местное общественное мнение, на основе чего формулируются научные выводы, учитывающие региональную специфику. Данная статья представляет информационно-аналитическую ценность для специалистов в области международных отношений и китаеведения.

Ключевые слова: внешняя языковая политика, институты Конфуция, политика «мягкой силы», мастерские Лу Бань.

Y.A. Kerimbayev

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: kerimbay.erzhan@gmail.com)

The critical state and transformation of Confucius Institutes around the world

Abstract. The article examines the criticism and accusations directed at Confucius Institutes worldwide and their transformation over time. In addition to identifying the main reasons why Confucius Institutes have come under threat, the study explores the measures taken by the Chinese government to address this challenging situation. The author seeks to identify the key causes and consequences of the issue by analyzing the policies of various states toward Confucius Institutes. In this context, the transformation of China's "soft power" policy is also examined.

The article analyzes the policy of the People's Republic of China in the countries of Central Asia and its outcomes, and offers a number of recommendations. The study provides a detailed examination of concerns related to Confucius Institutes from the perspectives of academic freedom and national security, and evaluates the process of their reform as a rebranding effort. The author highlights institutional changes at the new stage of China's humanitarian diplomacy, including mechanisms for shifting governance toward non-governmental structures.

Particular attention is paid to the geopolitical implications of cultural and educational projects in the Central Asian region and their impact on local public opinion. Based on this analysis, the study formulates conclusions that take into account regional specificities. The article offers informational and analytical value for specialists in international relations and Chinese studies.

Keywords: foreign language policy, Confucius Institutes, soft power policy, Lu Ban workshops.

References

1. Predsedatel' KNR Si Czin'pin (2014) provel besedu s nemeckimi sinologami i predstaviteljami prepodavatel'skogo soveta i slushatelej Instituta Konfucija, Institut Konfucija, 24, s. 5. [in Russian]
2. Izimov, R. «Mjagkaja sila» Kitaja - na pricele Central'naja Azija. Dostupno po ssylke: <https://radiotochka.kz/1581-.html> (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]
3. Vostochnaja hitrost' protiv russoj prostoty. Dostupno po ssylke: <https://gvardeets.livejournal.com/14411.html> (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]
4. Smyth, J. (2014) Australia Unveils trade deal with China, Financial Times, C. 65.
5. Van, I. Institut Konfucija i tri shaga publichnoj diplomatii. Dostupno po ssylke: http://news.china.com.cn/world/2014-09/15/content_33514652_2.htm. (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]
6. Instituty Konfucija vnov' otkrojutsja v SShA pod novym nazvaniem. Dostupno po ssylke: <https://www.mk.kg/politics/2022/07/03/instituty-konfuciya-vnov-otkroyutsya-v-ssha-pod-novym-nazvaniem.html> (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]

7. 530 Institutov Konfucija sozdany v 149 stranah mira. Dostupno po ssylke: http://russian.news.cn/2018-09/29/c_137501832.htm (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]
8. Zlang, Qingli (2020). Kongzi xueyuan jinru neihan fazhan jieduan, Zhongguo shehui kexuewang - Zhongguo shehui kexuebao. Available via the link: http://news.cssn.cn/zx/bwyc/201811/t20181119_4777643.shtml (Accessed: 03.05.2025). [in Chinese]
9. Instituty Konfucija vnov' otkrojutsja v SShA pod novym nazvaniem. Dostupno po ssylke: <https://www.mk.kg/politics/2022/07/03/instituty-konfuciya-vnov-otkroyutsya-v-ssha-pod-novym-nazvaniem.html> (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]
10. V Dushanbe otkrylas' masterskaja imeni kitajskogo filosofa Lu Banja. Dostupno po ssylke: <https://www.asiaplustj.info/ru/news/tajikistan/society/20221129/v-dushanbe-otkrilas-masterskaya-kitaiskogo-filosofa-lu-banya> (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]
11. V Tashkente pojavitsja pervaja Lubanskaja masterskaja. Dostupno po ssylke: <https://podrobno.uz/cat/uzbekistan-i-kitay-klyuchi-ot-budushchego/v-tashkente-poyavitsya-pervaya-lubanskaya-masterskaya-zdes-budut-obuchat-vostrebovannym-professiyam/> (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]
12. V VKTU otkroetsja «Masterskaja imeni Lu ban'». Dostupno po ssylke: <https://www.gov.kz/memleket/entities/sci/press/news/details/556917?lang=ru> (Data obrashhenija: 03.05.2025). [in Russian]

Автор(лар) туралы мәлімет:

Керимбаев Е.А. – PhD, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Керимбаев Е.А. – PhD, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Kerimbayev YA. – PhD, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).